Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ленгер қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттары және Қазақстан еспубликасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына байланысты заңнама талаптарын насихаттау

ХАТТАМАСЫ №1

Ленгер қаласы **27 наурыз 2025 жыл.**

Төрағасы: У.О.Анаркулова- Басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары.
Хатшылықта: Досболова Анар Өмірзаққызы – мамандар бөлімінің инспекторы.

Сағат 16:00 Емқана ғимаратының мәжіліс залы.
Қатысқан қызметкерлер саны: 38 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ); (ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқталу); (Қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделгендігі туралы түсіндіру).
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ);

Төрағалық етуші У.О.Анаркулова жиналысты ашық деп жариялап, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірмесін таныстырып түсіндіру үшін комплаенс офицер А.О.Суттибаевқа сөз берді.

Комплаенс офицер А.О.Суттибаев:
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарына, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына жеке жеке тоқталып насихаттау мен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп,

сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс екендігін аитты.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті дей келе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп толыққанды мәлімет берді.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы У.О.Анаркулова жиналысты қортындылады.

Жиналыс төрағасы: **У.О.Анаркулова**

Хатшы: **А.Ө.Досболова**